

Педагогика кафедрасында «Жас педагог» үйірмесінің отырысы өтті

Шымкент университетінің Педагогика кафедрасында «Жас педагог» үйірмесінің кезекті отырысы өтті. Іс-шара барысында «Мамандығым – болашағым» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылып, студенттер болашақ педагог мамандығының маңыздылығы, кәсіби жауапкершілік және заманауи білім берудің талаптары жөнінде өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Пікірталасқа қатысушылар мамандық таңдаудың өмірлік маңызын атап өтіп, педагогтің кәсіби құзыреттері, тұлғалық дамуы және білім беру саласындағы жаңашылдықтар туралы талқылады.

Отырыстың мақсаты – студенттердің кәсіби бағдарын нығайту, педагог мамандығына деген қызығушылығын арттыру және жастардың өз болашағына жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру.

Шара соңында белсенді қатысқан студенттерге алғыс білдірілді.

